Еженедельная газета Нуринского района

# НҰРА

№ 25 (4686)
СУББОТА,
23 июня
2001 года

Газета издается с 1 мая 1963 года

ГАЗЕТА ВЫХОДИТ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ

## День печати

Согласно Указу Президента Республики Казахстан ежегодно 28 июня в стране отмечается День печати. Этот день выбран именно потому, что десять лет тому назад 28 июня 1991 года, в Казахстане за многие годы впервые был принят Закон "О печати и других средствах массовой информации", который отменил цензуру, провозгласил свободу слова и предоставил читателям, в целом всем гражданам возможность для выражения различных мнений по интересующим их вопросам и проблемам. Благодаря печатному и устному слову, телевизионным передачам, население узнает о свежих новостях, получает нужные сведения и советы, подробные разъяснения по вопросам экономики, культуры, образования, знакомятся с состоянием социальной жизни горожан и тружеников сел.

Велико значение периодической печати в жизни общества. Сколько событий, реформ выпало на долю нашего поколения. В каждом случае, особенно в трудное время, читатели часто ищут ответы и объективную оценку тому или другому событию, прежде всего в прессе. В связи с этим журналистам надо много знать, уметь сопоставлять и анализировать факты и примеры, мыслить всесторонне и масштабно. Конечно, все это не приходит само собой, а в результате глубоких знаний жизненного процесса и повсеместного кропотливого труда. И хотя газета живет только один день и ее строки читаются всего один раз и уже не перечитываются, — нет печатного слова, которое бы обладало более сильными мерами воздействия на читателя, чем газета. Поэтому она должна чувствовать пульс жизни, своевременно отзываться на все перемены, события и силу газетного слова следует полнее использовать для воспитания населения, особенно молодежи. Ведь периодические издания являются общественным воспитателем, влияющим на сознание людей и эффективным средством укрепления веры в завтрашний день и наше будущее.

В жизни общества конкретное место отводится и местной печати, которая тесно связана с населением, освещает хозяйственные и социальные проблемы сельчан. Непременными условиями привлечения внимания простых тружеников к местной печати являются доступность, конкретность, простота материалов, понятные рядовому читателю. Газета "Нура" на казахском и русском языках постоянно информирует своих читателей о новостях района и области, заседаниях коллегии и сессиях районного маслихата, работе хозяйствующих субъектов, рассказывает о праздновании в районе Дня Республики, Дня Независимости, Нового года, Наурыза, Международного женского дня, Праздника единства народа Казахстана, Дня Победы, Дня Конституции, а также всех профессиональных праздников. На своем долгом пути газета старалась и старается жить интересами и проблемами своих читателей, объективно освещать вопросы села, дать необходимую информацию по району на различные темы. В "районке" постоянно публикуются статьи о важных сельскохозяйственных компаниях, таких, как весенний сев, заготовка кормов, уборка урожая. Газета рассказывает о ходе подготовки хозяйств, предприятий, учреждений, объектов соцкультбыта к работе в осенне-зимний период, об итогах прошедшего отопительного сезона. С помощью специалистов и руководителей на страницах газеты даются разъяснения о пенсиях, пособиях, новых законах, публикуются материалы на педагогические, медицинские, юридические, спортивные темы, статьи о работе пожарной службы, ОДП и отдела внутренних дел. Один раз в квартал "Нура" информирует население о социально-экономическом положении района, комментирует цифры и факты.

В газете публикуются материалы, посвященные разъяснению долгосрочной программы главы государства "Казахстан-2030", выполнению поручений Президента, решений акимов области и района. В связи с 10-летием Независимости Республики Казахстан открыта рубрика, где "районка" рассказывает о достижениях района в экономической и социальной жизни, трудовых победах хозяйств и успехах школ по обучению и воспитанию подрастающего поколения.

Много лет в газете работают журналисты Б. Бекмагамбетов, Л. Гордиенко, Н. Шевченко, Ш. Бильгишбаева, которые со знанием дела освещают вопросы сельского хозяйства, социальной жизни, вопросы образования, здравоохранения и культуры, постоянно оказывают практическую помощь внештатным авторам. Вносят весомую лепту в улучшение содержания газеты, обеспечение многообразия ее тем и направлений, в разъяснение и пропаганду всего нового в жизни района.

В целом газета — отражение времени, в котором мы трудимся и живем. В такое сложное время, как и всем, районной газете постоянно нужна помощь. В связи с этим мы очень благодарны акиму района Д.М. Кусаинову, заместителю акима района А.К. Есмагамбетовой, секретарю районного маслихата Т.Р. Рахимбекову и заведующему районным финансовым отделом Н.А. Баранову, которые, несмотря на финансовые трудности, своевременно находят нужные средства для печатания газеты "Нура" в областной типографии, всегда поддерживают нас словом и делом. За все это, им большое спасибо!

28 июня — День печати, наш профессиональный праздник. И приятно сознавать, что мы причастны к большому отряду журналистов республики, которая не так давно стала суверенной и сейчас готовится отметить свой десятилетний юбилей Независимости. Тяжел труд журналистов, в том числе и "районки", которая сейчас, может быть, и есть единственный источник информации для наших читателей. В это сложное время газета должна не только рассказывать о буднях и проблемах сельчан, но и быть светом в окне, приносить им радость и тепло.

Сердечно поздравляю наших внештатных авторов, журналистов и работников районной газеты "Нура" с профессиональным праздником — Днем печати, желаю всем крепкого здоровья, творческих удач, достатка в семьях, благополучия и оптимизма.

**Д. АХМЕТОВ,**
**редактор газеты, член Союза журналистов Республики Казахстан.**

## *Құрметті "Нұра" газетінің қызметкерлері!*

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығы негізінде жыл сайын маусым айының 28-ші жұлдызында елімізде Баспасөз күні аталып өтіледі. Бұл барлық басылымдар мен ақпарат саласы қызметкерлері үшін айтулы мереке. Өйткені олар өткен уақыт ішіндегі атқарылған жұмыстарына жан-жақты шолу жасап, алдағы кезеңдегі тұрған маңызды міндеттерін айқындайды. Өзінің 69 жылдық тарихында "Нұра" газеті ауданымыздың экономикалық, әлеуметтік жағдайы туралы, шаруашылық пен жалпы ауыл өмірі жайында үнемі жазып келеді. Аптасына бір-ақ рет шығуына және өзінің шағын көлеміне қарамастан ол аудан әкімшілігінің, аудандық мәслихаттың шешімдерін, экономикалық реформа барысын, шаруашылықтардың жұмыстарын, кәсіпкерліктің алға жылжуын, мектеп өмірі мен денсаулық сақтау, қоғамдық тәртіпті нығайту және басқа да өзекті мәселелерді газет бетінде жариялауда.

Үнқағазда беріліп жатқан материалдар "Қазақстан-2030" стратегиялық бағдарламасына, Президентіміздің тапсырмалары мен облыс, аудан әкімдерінің шешімдерін орындау барысына арналған. Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне он жыл толуына байланысты газет бетінде арнаулы рубрика ашылып, аудан экономикасының нығаюына, өркендеуіне сүбелі үлес қосып жатқан шаруашылықтар, абзал азаматтар, соғыс және еңбек ардагерлері жайында да мәліметтер берілуде. Бұның өзі жастарды отан сүйгіштікке, туған өлкені қадірлеуге баулып, оларды жан-жақты етіп тәрбиелеуге зор ықпал жасайды.

Күнделікті өмірдегі кездесіп жататын өзекті мәселелерді әр түрлі тақырыппен жан-жақты, терең тұрғыда жұртшылыққа талдап түсіндіру, оларды оқырмандарға уақытында жеткізіп отыру - журналистердің міндеті. "Нұраның" алған бағыты мен мазмұны Сіздердің кәсіби шеберліктеріңізге, талаптарыңызға және білімдеріңізге тікелей байланысты. Сіздермен бірге әрқашан адалдық, адамгершілік, парасаттылық сезімдері болып, халыққа қажымай-талмай қызмет ете беріңіздер.

Аудандық "Нұра" газетінің ұжымын алда келе жатқан Баспасөз күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Барлықтарыңызға шығармашылық табыс, жақсы денсаулық, отбасыларыңызға мол береке, баянды бақыт тілейміз.

**Д. ҚҰСАЙЫНОВ,**
**аудан әкімі.**
**Т. РАХЫМБЕКОВ,**
**аудандық мәслихаттың хатшысы.**

## *Уважаемые работники газеты "Нура"!*

28 июня в нашей стране, согласно Указу Президента Республики Казахстан, отмечается День работников печати.

Ваша работа всеобъемлюща и наглядна. Пресса по природе своей сторонник всех прогрессивных преобразований. Деятельность корреспондентов требует систематического пополнения информационного поля. Интеллектуальный труд, умственное напряжение, общение с широкими слоями населения — постоянные спутники журналистов.

Районная газета "Нура", имеющая 69-летнюю историю, является единственным источником информации о жизнедеятельности сельчан, ходе социальных и экономических преобразований, успехах и трудностях, достижениях и просчетах. Несмотря на небольшой объем, в газете освещаются актуальные вопросы сегодняшнего дня, ход реализации долгосрочной программы "Казахстан-2030", работа по выполнению поручений Президента, решений акимов области и района, социальные преобразования, развитие малого и среднего бизнеса. В связи с 10-летием Независимости Республики Казахстан на страницах газеты открыта рубрика и публикуются различные материалы по этой тематике.

Следует подчеркнуть, что вам всегда надо помнить, что степень объективности статей зависит от уровня осведомленности и грамотности, образованности и культуры каждого журналиста. От вас, корреспонденты, читатели всегда ждут весомых публикаций, интересных репортажей. Избегайте субъективизма и предвзятости в освещении материалов.

Поздравляем весь коллектив с праздником! Желаем Вам и впредь держать руку на пульсе времени, придерживаться принципов общечеловеческих ценностей. Счастья, здоровья, новых творческих успехов и свершений.

**Д. КУСАИНОВ,**
**аким Нуринского района.**
**Т. РАХИМБЕКОВ,**
**секретарь районного маслихата.**

## "АҚҚОЛҚА" — МЕКТЕП - ИНТЕРНАТЫ

Бағытымыз Ақколқа ауылы, көшбасшымыз "Қарақойын" ауылының әкімі Нұрышов Жүсіпбек. Осы өңірдің, көз жеткісіз саумал даланың сырын бес саусақтай жетік білетін ақ жарқын азамат Талдысай тойынан алған әсерін жасыра алмай келеді. "Қазір, дейді ол - қарға адым жерде Қарақойын, әудем жерде Жанбөбек. Жанбөбек жердің де, ердің де аты. Менің айтып келе жатқаным, мынау көктемгі бозарып жатқан боз даланың иесі де киесі атанып отырған замандасым әрі осында жылдар бойы аға жылқышы болған Жанбөбек Жұмабайұлының қара шаңырағына соқпай өтуге болмайды, дегені бар-ды. Жолай еріп келе жатқан серіктерінің де жай жапсарына қарап әзілі мен әңгімесі жарасқан Жүсекең осы өңірдің халқымен тіл табысқан, іскер де көпшіл, сыйлы азамат екенін байқатты. Біз иен далада жалғыз үй қыстап, жайлап, күзеп отырып бүгінге жеткен маңайында жарықтан басқаның бәрі бар тылсым тыныштық әлемінде тірлік етіп жатқан байырғы жылқышы, досы Жанбөбектің үйіне келдік. Ортамызда теңіздіктердің тұрмыс тіршілігімен танысып, ауыл өміріндегі әркилы қимыл-харакеттерді көзбен көріп, қызық қуанышын бөлісіп келе жатқан жолсеріктеріміз осы газеттің редакторы Дыбыс Жыржысұлы ағамыз, Нұра ауданы әкімшілігінің бас маманы Мұхитдинова Бақыт Сағындыққызы, Ақколқа ауылының азаматы Қожабеков Сабыр Қожабекұлы мен зайыбы Төленова Зұлкия Серікбайқызы сынды пейілдері жарасқан заманымыздың жан семіртер жақсылары болды. Жылқышы дастарханында ақ нан, ірімшік, құрт маймен қабат бетінде бес елі кілегей қаймағы қалқыған сары қымыз сапырылды. Әзілі жарасқан әкім отырғандарды ду күлкіге бөледі. Енді туған жерінің атымен өз аты аталған қасиетті даланың табиғи таза қазақы мінезі жүзінен көрініп тұрған Жұмабаев Жанбөбектің шерткен сырына құлақ түрелік. Бұл жердің аты Сары жалпақ деп аталады екен. Себебі қарға адым жерде сары алтынның саф кенті болса керек. Табанның астында алтыны бар, тасасында ұл-қызы ойнаған, байлығы тасыған байтақ өлкені жылқышы жігіт сол бір ат құлағында ойнаған дәуірімен салыстыра байыппен әңгімеледі.

- Ауылымыздың сырын егжей-тегжейлі білетін Нұрышов Жүсіпбек пен мына отырған Сапар мен Зұлкиядай ешкімде білмейді. Құлын мен тайдай тебісіп өскен жігіттер ғой. Енді сол сыйластықты балаларымыз жалғастырды. Айдаладағы бізге ат басын тіреген сіздерге сондай разымын. Ел-жұрттың жайын біліп қуанып қалдым. 1997 жылға дейін 16 жыл жылқы бақтым. Жанбөбек ауылының жылқышысы болғаныма дән разымын. Әйтпегенде, мына Жүкең замандас осында атбасын тіремес те болар, - деп жымиды палуан денелі, жылы жүзді жігіт ағасы.

Әкесі Жанбөбектің Жұмабай марқұм ақтылы қой өрбіткен Теңіздің ел алқаған қойшысы болған екен. 1947 жылы дәл осы жерде еңбегін сіңіріп, ертеректе дүниеден өтсе керек. Жанбөбек атақты Еспембет байдың тұқымы, әрі түгін тартсаң майы шығатын жер жаннаты алтынды өлкенің бел баласы. Өйтсе, отағасы қайдан осал болсын. Адамы топырағына тартып ержетеді десек, мың жылқы айдаған байдың тұқымы әлі де бесаспап жағдайда ақтылы жылқы айдап, алалы қой бағуда екен. Қарақойын жөнінде мың жылқы айдаған жер екенін көшпенділер тарихымен сабақтастыра отырып, романға арқау еткен жазушы да кең көсілте қалам сермеген болса, жергілікті ақынымыз Серік Ақсұңқарұлының ұшқыр қиялын тербеген жері де осы өңір болса керек. Осыдан 40 шақырымда кең көсілген Қарақойын жерін мекендеген сайын даланың салихалы тұрмысын көріп неге шаттанбасқа, - деді ол Сапар мен Зұлкияға қарап мұртынан жымиып.

### *БӘРІ ДА БАЛА ҮШІН*

Жанбөбектің Жандарбек атты жалғыз ұлы Ақмоланың Астрахан ауданында өндірісте істейді екен. Даладағы әкенің қаладағы келіні мұғалима. Олар тату-тәтті кейінгілерін біліммен қаруландыруда көрінеді. Ұлы ұяға қонып, қызы қияға самғаған ауыл азаматы бәйбішесі қайтқалы тоғыз жыл өтсе де, үш қызын бүлдіршіндей етіп өсіріп, кейінгі зайыбынан тағыда бес сәби сүйіп, емен-жарқын өмір сүріп, балаларының қамы үшін нарықтың қиын кезеңінде қиналмай өмір сүруде. Мұндай азаматтарды төрт аяғын тең басқан рухы биік ұлтымыздың атпал азаматтары десек болғандай. Жолай атбасын тіреп, алыс жолда жетер жер, барар бағытымызды түзеп келе жатқан біз Жұмабаев Жанбөбектің шаңырағынан дәм татып, ілгері жылжыдық.

Мұндағы бағытымыз күн еңкейіп бесін болар шақта Ақколқа ауылындағы мектеп-интернатына барып, ондағы ел аузына ілігіп білім бұлағымен сусындап жатқан шопан балаларымен жолығу-тын. "Көрінген таудың алыстығы жоқ" дегендей жолбасшымыз "Қарақойын" ауылының әкімі Нұрышов Жүсіпбек мырза бұл міндетін де мінсіз өтеді. Әуелі Ахметов Мұхитбек сынды төрағаның әзірге ел аралап көктемгі науқанды жұмыстармен жүргенін таныстырып өтті. "Атына заты сай" қарақойындықтар осыдан 8 шақырым "Ақколқа" жауапкершілігі шектеулі серіктестікті өздерінен бөлініп шыққан тұңғыш ұлдарының отауы ретінде ұстайтын көрінеді. Осы Қарақойын мектебінде Ақколқа шопандарының 16 баласы оқиды. Немерелерін қалай қамқорлыққа алса, бұлар да дәл солай. "Үйіңнен 40 қадам алыстасаң, мүсәфірсің" (арабша-жолаушы) дегенді бала күннен естуші едік. "Ақколқа" ауылының президенті Жақсыбаев Жанбөбек Қабылдаұлы өзіне сенім жүктеп билікті берген 23 отбасының, яғни жүзге тарта адамның еңбегін алаңсыз атқаруына жауап ретінде, осы "Қарақойын" ауылынан жеке меншік көп бөлмелі бір пәтер сатып алғанда, оған манағы он алты балаға жатахана ашып бергені көрегендіктің, білгендіктің белгісі десек болғандай. Бұл әрине біздің ауданымыздағы ең алғашқы және игеруге тұрарлық құнды бастама. Жанбөбек сынды басшысына сенген ата-аналар балаларына ой бөлмейді. Амандық болса барып-келуін әбден шешкен өздері сайлаған ұлдарына дән разы.

Көптің басын қосып, алқалы топқа әрдайым жақсы ісімен көрініп жүрген ауыл әкімі мектеп-интернаттың оқушылары өздері кезекпен кірісіп он алтысы бір үйдің баласындай бір қазаннан тамақтанып отырған манағы жатахана төрінде былайша сыр шертті:

- Көрдіңіздер, бәрі өз үйлеріндегідей екенін, не ішіп не жеймін демейді. Күллі шығынды жаңағы "Ақколқа" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің президенті Жақсыбаев Жанбөбек Қабылдаұлы өзі көтереді. Өзі бір мың болғыр. Ауылшаруашылығы институтын бітірген. Экономист, есеп-қисабын бұлжытпай, қарыз-парызсыз атқаруда. Әр үйде біреудің қас-қабағына қарағаннан осында емін-еркін тек білім алуға ғана қараса нұр үстіне нұр ғой. Бір жыл болды, сенбіде келіп өз көлігімен алып кетеді. Төрт жұмыскері бар. Жакупова Айнагүл есімді тәрбиешісі бар. Он жыл бала бақшада істеген, орта білімді. Балаларға бапты, кішпейіл. Айдарханова Аида аспазшы, екеуі де балалармен бірге келіп, бірге кетеді. Ермекбаева Назира-тазалаушы. Бұл да Ақколқаның өз кісісі. Досымбекова Айнагүл деген тағы бір тәрбиеші істейді. Өз балаларындай қарайды. Тәрбиелік жұмыстар мектепте толық жүріледі. Тамақты "Ақколқа" ЖШС өзі беріп тұрады. Еш уақыт үзілмейді. Жатахана жылы, таза, жарық. Моншаға түседі. Яғни тамағы тоқ, киімі көк десем болғандай,- деп болып тұрған істі мақтанышпен таныстырып берді ауыл әкімі.

Теледизоры төр алдында сайрап тұр. Біз барғанда балалар "Хабар" арнасына көз тігуде екен. Әңгімеге қанық болған біз енді шағын жатахана бөлмелерін аралап өттік.

- Үш мезгіл тамақтанамыз. Қолдан кеспе жасаймыз. Кезекшілікке шығамыз. Ұн, қант, картоп бәрі жеткілікті. Тазалық жабдықтары тегін, - дейді балалар бірауыздан. Әр бала күніне 150-180 теңгенің тамағын ішеді. 16 балаға шаққанда 2-3 мың теңге деген сөз, үзілмейді. Ата-аналар жарыққа айына әрқайсысы 200 теңге төлейді. Балалар түгелдей дәрігери байқаудан өтіпті. Сабақтан әсте қалмайды. Жакупова Айнагүл Астананың қызы екен. Қаладан көрген тәрбиесін балаларға үйретуде. Ақколқаның басында 1-4 сынып бар. 11 бала оқиды. Балалар әредік осында туған күн кештерін белгілейді. Үйлерімен хабарласып тұрады. Ата-аналар Жанбөбек Қабылдаұлына дән разы. Бәрі сенеді, ол нағыз еңбекшіл азамат екенін осыданақ көруге болады.

"Ағаны көріп іні өсер" дегендейін, мұндағы мектеп-интернатты қай жағынан да әзір дүниені шын - шырғасын шығармай зыр жүгіріп бітіріп, ілкімді істің баянды болуына үлес қосып жүрген Қожабеков Ержан Сабырұлының еңбегі де көп көңілінен шығуда екен.

Алыстан ат өксітіп келіп, көз жеткізген мұндай игі бастаманы көпке таратуды парыз санадық. Бәрін де тек балаға арнаған халқымыздың жақсы қасиеттеріне балап, үлкен әсермен келген ізбен кері қайттық. Бәрі де көңілдің көк жиегінен орын алды.

**Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**

ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ ПО ЧС

# Пока ситуация под контролем

Основные направления деятельности в области предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера на сегодня определяются стратегией развития нашего государства до 2030 года и задачами, поставленными Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым в послании к народу Казахстана.

Районной комиссией по чрезвычайным ситуациям во исполнение Закона Республики Казахстан "О ЧС природного и техногенного характера" проводится определенная работа, направленная на защиту населения, окружающей среды и объектов экономики от ЧС и последствий, вызванных ими.

Сформированная районная комиссия по чрезвычайным ситуациям в составе 13 человек, является руководящим органом по координации деятельности районных комитетов, управлений, местных исполнительных органов, хозяйствующих субъектов независимо от форм собственности.

В целях выполнения специальных мероприятий ГО и ЧС в мирное и военное время на территории района созданы 10 служб гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций:

- оповещения и связи,
- охраны общественного порядка,
- противопожарная,
- медицинская,
- инженерная, дорог и мостов,
- автотранспортная,
- энергетики,
- торговли и питания,
- защиты животных и растений,
- радиационной и химической защиты.

Районной комиссией по ЧС отработаны все мероприятия, запланированные на 2000 год начальником ГО и ЧС области и района. Это позволило добиться значительного снижения материального ущерба и недопущения пострадавших и погибших людей при возникновении чрезвычайных ситуаций в районе.

Всего в 2000 году на объектах сельского хозяйства проведено 10 комплексных учений, 50 объектовых тренировок, в том числе 42 в общеобразовательных учебных заведениях. Отработано 81 командно-штабных учения. Все это позволило охватить занятиями основную массу жителей района.

Ежемесячно согласно графику проводятся тренировки по оповещению и сборов отрядов экстренного реагирования. Так, за последний квартал 2000 года в ходе этих тренировок были оповещены личный состав пожарной части, районного узла телекоммуникаций, ДЭУ-48, АТП, районного отдела внутренних дел, медицинской службы, аварийно-технической группы. Сбор личного состава организовывается в течение часа, что показывает работоспособность на случай ЧС. В ходе тренировок было задействовано максимальное количество автотехники, инженерной техники, автомашины по пожаротушению, скорые для экстренной медицинской помощи.

В ходе командно- штабных учений полученные сигналы оповещаются до хозяйств района по телефонной связи через узел телекоммуникаций и через диспетчера районного департамента сельского хозяйства.

Для связи с областным центром на РУТ имеется радиостанция. Отряды экстренного реагирования для практического выполнения работ созданы с составом 52 и 32 человека, они имеют 48 и 26 единиц техники.

Одним из основных очагов создания чрезвычайных ситуаций и приносящих материальный ущерб экономике района является пожарная обстановка. В 2000 году пожарной службой района потушено 28 пожаров. Спасено материальных ценностей на сумму более 1 млн. тенге. По сравнению с 1999 годом количество пожаров уменьшилось на 7%. Экономические потери составили 786950 тенге, это на 35% меньше, чем в 1999 году. От пожара пострадал один человек, получивший ожоги 2-3 степени.

За указанный период уничтожено 1 здание, 2 головы КРС, 83 тонны сена, 1 единица техники. Увеличилось количество пожаров на объектах предпринимательства (3 случая за 2000 год). Ущерб на данных объектах является значительным и составил 409250 тенге.

Большинство пожаров происходит в жилом секторе (19), что около 70% от общего количества. Экономические потери от них составили 338900 тенге.

Пожарной службой принимаются определенные меры по устранению нарушений правил пожарной безопасности. Так, к административной ответственности привлечено 327 человек, приостановлена работа 47 агрегатов, печей, помещений, находящихся в пожароугрожающем состоянии, отключено 204 пожароопасных участка электросети.

В целях обеспечения безопасности дорожного движения на дорогах района в зимний период 2001 года создана команда поиска людей при снежных заносах на дорогах. В данную команду вошли дорожная группа, группа скорой помощи, охраны общественного порядка, пункта питания, всего 20 человек.

Районным штабом по ЧС разработаны мероприятия по ликвидации последствий ЧС на дорогах, очистке дорожного полотна от снежных заносов, устойчивому функционированию объектов в зимний период, оказанию медицинской и технической помощи людям, застигнутым непогодой, подготовке пунктов обогрева, питания, ночлега. В районе создан необходимый резерв ГСМ для техники, участвующей в аварийно-спасательных работах.

**А. РОМАНЕНКО,**
**председатель комиссии по ЧС Нуринского района.**

# Бақтыкелдінің төртінші көктемі

ҚОЙЛЫ АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Әкесі Амангелді ел ортасына сыйлы, еңбексүйгіш, елгезек жан. Көп жылдар ауыл шаруашылығы науқандарының бірінен қалмай, жыл он екі ай қызу еңбек ортасында жүрді. Көктем, жаз, күзде егін салып, шөп шауып, орақка қатынасса, қыс бойы мал бағып шығатын. Бала мінезді бесаспап маманды ауылдастары "біздің Аужекең" деп құрмет тұтып кеткен-тін. Әкеге қарап бала өссе, оның несі жаман. Амангелдінің балалары, шүкір, иманжүзді, инабатты боп қанат қақты. Бәрі де еңбексүйгіш, елгезек және ауыл шаруашылығының жетекші екі саласына да жетік, бейім болып өсті. Соның бірі, әке сенімін ақтап, арнайы оқу орнын тәмамдап, дипломды мал маманы атанған Бақтыкелдісі болатын. Туған ортасына оралып, бөлімшеге қызметке орналасқанда, әрине, әке-шеше қуанышында шек болмады. Бұдан соң кешікпей отау тікті, атына сай Ақбөкен есімді келін түсірді. Одан Эльмира, Аяулы, Жандос деген немерелер дүниеге келді.

Бірақ, табиғи құбылыс, өмір заңы өз алдына, ал сол тылсым тіршілік қазығы-экономика заңы тіптен бөлек. Кім ойлаған, заманның аяқ астынан өзгеріп сала берерін. Қол созсаң, қиналдым десең, ауыл басшылары былай, ауатком, аупартком боп оған көмек көрсету үшін бәйек болатын кеңес дәуірі ес жиғызбай құрдымға кетті. Жоғарыға телміріп үйренген бейбақтардың күні мүшкіл, болашағы неғайбыл болды. Мал басы күнкөріс қаракеті-айырбасқа түсіп, мамандар да, шопандар да дел-сал күй кешті. Бұл аз болғандай қызметтегілерге қысқарту мен ұзақ мерзімді төлемсіз еңбек демалысына шығу тықыры келіп жетті.

- Олай ойланып, былай ойланып, оқып бітірген кәсіби мамандығыммен таза қоштасуға бел будым,- дейді қазірде аға шопан Бақтыкелді Төлеуов. - Бұдан жас шағымда да, шәйшәй қойым, шәй қойым, деп қойшының құт таяғын ұстағаным бар. Ал қазір, иншалла, салаға ғылыми негізде тереңірек үңілуге оқыған-тоқығаным баршылық. Әрине, маусымдық науқандарда тыс көмексіз қиындау. Әбүйірге, бүгінгі таңда оларды басқа елді мекеннен іздеп әуре-сарсы болмаймыз. Алайда, кез келген шопан төл қабылдауға да, жүн қырқуға да өзінің туғанын, жақын-жұқынын тартады. Бір сөзбен, жаны ашыр сенімді адамдарға иек артады. Қойшы таяғын қолға алғалы, шүкір, көш бастаушылар қатарында келемін. Мысалы, былтыр әр 100 саулықтан 95-тен қозы алдым. Бірақ, жетістігіме көңілім тоймады. Содан биылғы мерекелі жылға



ерте бастан жан-жақты дайындықпен келдім. Ол дегеніңіз, төлдеген саулықтардың жазғы бағым-күтімін дұрыс ұйымдастырып, табиғат байлығын барынша пайдалана білуде жатыр. Ал жаздың аптап ыстығында, шыбын атаулының өрбіген шағында, мұның өзі оңай міндет емес. Әлбетте, тәжірибе жинақтаған шопандар ерте тұрып, кеш жатуды әдетке айналдырады. Сөйтіп, малды таңертеңгі және кешкі салқында жайып, ыстық уақытта көлеңкелетуге тырысады. Одан қалды, шамашарқына қарай жайылым-суатты да мезгіл-мезгіл ауыстыруға тырысады. Әйтсе де, әділі керек, мұндай амалды кез келген қойшы жүзеге асыра алады деп айту қиын. Сайып келгенде, шопанның басты міндеті — қалайда қоздағаннан кейін әлсіреп, салмақ түсірген саулықтардың қоңын күйек алуға дейін талап деңгейіне жеткізу болып табылады. Біздің отар күйекке өте жақсы күйде түсті. Осыдан барып ұрықтану шарасы сапалы өткерілді. Әлбетте, өткен қыстың қиындықтары оңайға түспеді. Әсіресе жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы, төлдеу мерзімі жақындағанда жарғақ құлағымыз жастыққа тимеді. Ақбөкен екеуміз кезек алмасып, бәйек болдық. Нәтижесінде, еңбегіміз жанып, отарға отар қостық - 379 саулықтың соңына 379 қозы ерттік. Бұл егемен еліміздің тәуелсіздігінің онжылдық мерейтойына арналған отбасылық еңбек шашуымыз. Әрине, алда әлі де үлкен белес, жауапты міндеттер тұр. Қазан айына дейін мал басын, соның ішінде жас төлді аман сақтап, шаруашылық есебіне кіргізу, ең бастысы. Айтпақшы, қазір бізде есеп әдеттегідей желтоқсанның аяғында емес, қазаннан қазанға дейін жүргізіледі. Себебі осы айда, келісім-шартта көрсетілгендей, қозыларды бөліп, санап береміз. Егерде шетінетпей жеткізсек, 100 қозыдан 20-сын өзіміз аламыз. Былтыр тіптен 30 болған. Бірақ, айлығымыз осының ішінде еді. Биыл ай сайын еңбекақы төленетін болды. Одан бері де, жалпы мал басына 3 пайыз заңды шығын шығарылуы тиіс. Әлбетте, қай шопанның өзім дегенде өзегі ауырмайды.

Жыл қорытындысында қойшы бұдан да ұтыс көзін табады. Әрине, ол үшін шығын бермеуі керек. Қысқасы, осындай-осындай еңбек адамына тиімді шараларды және басқа да салаға қатынасты оңтайлы тәсілдер шартта көрсетілген. Қазір қойшы мен шаруашылық әкімшілігі арасында осындай құжат жасалынып, екі жақты келісімге келеді. Әділі керек, осының бірі де болмас еді, егерде Отарбаев Қанат сынды білікті маман, тәжірибелі басшы билік басына келмегенде. Оның іс-қимылына, шопандарға, жалпы еңбек адамына жасап отырған қамқорлығына ауылдастары дән риза.

Иә, Бақтыкелді Төлеуовтың бұл төртінші көктемі. Дипломды былай қойып, қолына қойшының таяғын алған сала маманының әлі де талай-талай тың белестен көрінеріне күмән жоқ. Әрқашанда еңбегі жанып, бақ жұлдызы жарқырап жол сілтесін!

**Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**"Изенді" акционерлік қоғамы.**

**Суретте: озат шопан Бақтыкелді Төлеуов.**

# Оралман ана тілегі

Ауыл әкімі "Тәуелсіздіктің - 10 жылдығы" мерейтойына қатысып отырған сонау Монғолиядан аңсап келген оралмандар отбасы барын айтты. Татулыққа не жетсін, Тәуекелден не кетсін, екеуінде бастан кешірдік-ау. Белді бекем буып, білек сыбана еңбек етіп жүрген мұндағы туыстарымның жақсы жағдайын көріп қуанып қалдым. Әуелде отыз отбасы атбасын тіреп содан алтауы мекенденіп қалса керек. Марқұм Мұратхан Қозықайұлының өзі өлседе жанұясы отағасының жетелеп келіп орналастырған Талдысай ауылындағы жағдайын көріп, аруағына бас идім. Өзі осындағы орта мектепте математика пәнінен мінсіз дәріс беріп тұрса керек. Уақыт келіп бақиға аттанған Мұратхан артына жақсы сөз, жарым ырыс тастап кеткен екен. Ауыл әкімі Төлеубек Темірбекұлы бізге осы жанұяның бүгінгі тірегі, іскер әйел, көп балалы ана Мүкеңнің жарын таныстырды: - Әкесі өлсе де, балаларымның әкесін көрген ағалары өлмесін. Зейнеткер-ұстаз, аса қадірлі ағамыз Тұрлыбеков Мажиттен бастап Талдысай азаматтары, осы мектептің жас директоры Әміров Бостанұлы Еркеш, Жүнісов Рыспай Кошмағамбетұлы, Төленов Темірбек Төлеубекұлы бастаған күллі халқын той күні біздің де қасиетті мекенімізге айналған Талдысай ауылының 40 жылдығымен құттықтаймын,- деді.

